



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

16.11.2022 ж.

Нұр-Сұлтан қаласы

№ 71

город Нур-Султан

**2023-2025 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық
бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы
қаржыландыруға арналған конкурс өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаларының 18-тармағына сәйкес, Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 891 қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия отырысының 2022 жылғы 11 шілдедегі хаттамасының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурс жариялансын.

2. Қоса беріліп отырған 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурс құжаттамасы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің тарихи-мәдени мұра басқармасы:

1) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттаманы орналастыруды қамтамасыз ету жөнінде шараларын қабылдасын;

2) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Р.Кәрібжанова



001187